

Маңғыстау облысында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 3/39 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 13 ақпанда N 1614 тіркелді " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарына және " Тілдерді қолданумен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығына сәйкес және "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын" жүзеге асыру мақсатында облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысының мемлекеттік органдар мен ұйымдарында және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында 2004 жылдың 1 ақпанынан бастап іс жүргізу мемлекеттік тілге көшірілсін.

2. Мемлекеттік емес мекемелерге іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру ұсынылсын.

3. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық

мәслихаттың хатшысы